С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған **«Сейфуллин оқулары–10: Мемлекеттің индустриалды–инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі»** атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения–10: Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны»,** посвященная 120-летию со дня рождения С.Сейфуллина**.** – 2014. – Т.I, ч.3. – Б.69-70

ЖОО ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Смаилова Л.

Қазіргі шарттарда жоғары оқу орындағы білім беру және ғылыми қызметтердің тиімділігі белгісіздік пен тәуекелі, қатаң уақыт шектеулері, ақпараттың толықсыздығы және ақиқат еместігі, экономикалық мақсатқа сәйкестігі жағдайындағы басқару шешімдерді қабылдаудың уақытылығымен және сапасымен анықталады. Бұл процесстерде басқару шешімдерді қабылдаудың сапасын жоғарлату, уақытты қысқарту және еңбек сыйымдылығын төмендетуге келтіретін жаңа ақпараттық технологияларды белсенді қолдануға маңызды рөл беріледі.

Бүгінгі таңда қызметтерді талдау үшін ақпараттың негізгі көзі ретінде жоғары басқару органдарына күнделікті ұсынылатын жоспарлық және есептік құжаттары, сонымен қатар тексеру комиссиялардың қорытындылары пайдаланылады. Жинақталған деректерден аналитикалық ақпаратты алудың үлкен ықтимал мүмкіндіктерін сақтайды.

ЖОО ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызмет көрсету және олардың сапасын қамтамасыз ету ғылыми қызметтердің талдаудың заманауи автоматтандырылған жүйені құрастыруы басым бағыттарының бірі болып келеді.

ЖОО автоматтандырылған жүйені құрастырудың проблемалары Бомас В.В., Денисов А.А., Емелин Н.М., Зайцев А.В., Титоренко Г.А. және т.б. ғалымдардың еңбектерінде жарияланған. Ғылыми жобаларды орындау өтінімдерді бағалаудан бастап ғылыми қызметтердің сапасы мен нәтижелілігін, ұйымдастыруын бағалауға дейін Маслов В.Г., Новиков Д.А., Романенко Ю.А., Павлов А.А., Данилюк С.Г. еңбектерінде көбінде ғылыми қызметтердің бағалау проблемалары қарастырылған.

Қызметтің болжамын және бағалауды шешуін бірнеше рет әрекет жасағанмен қажетті техникалық құралдардың, аспаптық бағдарламалық қамтамасыздандырудың және жасанды интеллект әдістеріне негізделген бағдарламалық жүйелер модельдердің толық болмағандықтан қазіргі жағдайда басқарудың автоматтандырылған жүйені құрудан даму басталды деп есептеуге болады.

Ғылымға және білім беруге ықпалдастықтың инновациялық формаларын енгізуі, шет елдердің тәжірибесі бойынша, ғылыми зерттеулердің тиімділігін жоғарылауына мүмкіндік туғызады. Қазақстанда ғылым және білім беру ықпалдастықтың негізгі мақсаты ретінде ұлттық инновациялық жүйені және экономиканы кадрлық қамтамасыз етуі болу керек. Берілген мақсатқа жету үшін келесі негізі бағыттары бола алады:

- білім берудің сапасын жоғарлату, ғылымның және технологиялардың жаңа жетістік деңгейдегі заманауи білімді, сонымен қатар оқу процессі барысында ғылыми зерттеулерге қатысып тәжірибе алған ғылыми-техникалық кадрларды дайындау;

- дарынды жастарды ғылымға және білім беруге қатыстыру және орнықтыру;

- фундаментальды және қолданбалы зерттеулерді жүргізу және ғылыми кадрларды дайындау барысында қаражат құралдарын, ұйымдардың және ЖОО кадрлық, ақпараттық және материалдық-техникалық ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыру;

- экономиканың кәсіпкерлік қызметтер секторларын және корпоративтік ғылымдардың өзара байланыстарын, ғылыми зерттеу нәтижелері мен құрастырудағы коммерциялау процесстерін және экономиканың нақты секторына технологияларын табыстауын белсендіру.

Сондықтан ғылым білім беруді жаңа білімдерін, оқытудың жаңа үдемелі әдістерін құрастырады, ал білім беру ғылымды жас кадрлармен қамтитын көзі болып табылады